Автор: Жанғали Мұрат Айдынқалиұлы
Пән: Дене шынықтыру
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Гимнастика арқылы денені басқару дағдылары және когнитивті дағдылар
Тақырып: Акробатикалық элементтер кешені

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.2.Комбинацияларды орындай алу және олардың кейбір жаттығулардағы ретін білу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар үйренеді: Өз бетімен акробатикалық элементтерді орындау. Оқушылардың көбісі үйренеді: Өз бетімен барлық элементтерді рет- ретімен орындау. Кейбір оқушылар үйренеді: Күрделі акробатикалық элементтерді рет - ретімен орындау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Видео: акробатикалық комбинацияларды орындау үлгілері
Пәнаралық байланыс:	1. Физика 2. ӨҚН 3. Биология

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5 минут)	Сапқа тұрғызу. Мәлімдеме қабылдау. Амандасу «Ыстық доп» (сыныпқа психологиялық ахуал қалыптастыру, көңіл-күйлеріне байланысты) Сабақ мақсатын түсіндіру, қауіпсіздік техникасын талқылау. Акробатикалық жаттығуларға қатысты бұлшық еттер тобын анықтауға арналған тапсырма. Арқа жаттығуларын орындау. Жылдамдық тапсырмаларына жүгіріс. ЖДЖ	Гимнастикалық мат Гимнастикалық матқа, спортқа қатысты карточка - тапсырмалар
Сабақтың ортасы (30 минут)	Акробатикалық жаттығуларды орындау. Оқушылар жұптық жұмыс жасап, айналымдардың үйлесу мүмкіндіктерін зерттейді. Содан соң сол айналымдарды айналық көрініс ретінде жасауды қарастырады. Олар 2 – 3 ойды біріктіріп, қысқа айналымдар тізбегін орындайды. Тапсырма: әр түрлі бастапқы позициядан айналымдар жасау. Жұпта немесе топта 2-4 акробатикалық элементтен тұратын қарапайым кешен құрастыру: алдыға айналым, артқа айналым, домалау, жауырынға тұру, үлкен адым Бір – бірімен айналым жасауды үйрену. Бағалау парақтарын толтыру және рефлексия.	Айналымдарға арналған карточка – тапсырмалар Алдыға айналым жасау: https://www.youtube.com/watch?v=bIjzkeGa5cM (2.30 мин). Артқа айналым жасау https://www.youtube.com/watch?v=DJwbLFhDbXg (1.10 мин). Спорт пен денсаулық https://www.youtube.com/watch?v=tJLH5wwkH9w (3.00 мин).
Сабақтың соңы (5 минут)	Әр түрлі позициядан жасалынатын айналымдары бар комбинация құрау	Интернет ресурстар. Акробатикалық элементтері бар карточкалар.